

## Шымкент қаласының ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 798 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 сәуірде № 172-17 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласының әкімі*

*М. Айтенов*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
Және қорғау жөніндегі  
Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы"

Республикалық мемлекеттік мекемесі

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті"

**Шымкент қаласының ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтары**

№	Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының өлшемдері					
		I белдеуі		II белдеуі		III белдеуі	
		Шекаралары	Ауданы	Шекаралары	Ауданы	Шекаралары	Ауданы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Бадам-Сайрам кен орнының Бас су қабылдағышы 25 су тарту ұңғымалары №№1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6/1, 6/3, 6/4, 7/3, 7/4, 8/3, 8/4, 9, 10, 11, 12, 12а, 13, 13а, 14, 14/1, 14/2, 15, 16	Тұрақты емес пішіндегі 3 учаске: Максималды ұзындығы - 0,42км, максималды ені-0,27км Әр ұңғыманың айналасында 30 м радиуста.	10,6 га	Ұзындығы – 1,52 км, ені – 3,275 км	498 га	Сайрамсу және Бадам өзендерінің аңғарлары су жинау ағысынан жоғары.	6 859 га
2	Тассай-Ақсу кен орнының Тассай-1 су қабылдағышы 12 су тарту ұңғымалары №№1, 2, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14	7 ұңғыма учаскесі. Әр ұңғыманың айналасында 15 м радиуста.	0,864 га	Ұзындығы – 2,5 км, ені - 2,1 км.	536 га	Су тоғанынан Сайрам су өзеніне дейінгі Безымянның алқап және Сайрам тұрғын алабы ағысынан жоғары Сайрам өзенінің алқабы	5 299 га
	Тассай-Ақсу кен орнының Тассай-2 су					Тассай алқабы бас тоғаннан Сайрам су	

3	қабылдағышы 17 суртарту ұнғымалары №№15, 16, 16а, 17, 18, 18а, 19, 19а, 20, 21, 21а, 22, 22а, 23, 24, 25, 26	6 ұнғыма учаскесі. Әр ұнғыманың айналасында 50 м радиуста.	7,475 га	Ұзындығы – 3,3 км, ені - 1,9 км	620 га	өзеніне дейін және Шапрашты тұрғын алабының ағысымен жоғары Сайрамсу өзенінің алқабы	4 148 га
			18,939 га		1 654 га		11 834 га

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ